

Қазақстан мемлекеттілігін нығайта отырып, күрделі кезеңмен сенімді әтудің берік қорып жасауда Елбасы бес шестидеңгеліктің реформаны жүзеге асыру үшін «100 нақты іс-бағам» белгілеген Ұлт жоспарын жариялағаны белгілі.

Мемлекет басшысының бастамасын жүзеге асыруда жетпіс жылдан астам тарихы бар М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті ұжымының қосып отырған үлесі қомақты. Нақтылай айтсақ, бұл оқу орнында білім беру, бизнесті дамыту, инженерлік біліктілікті арттыру, ауыл шаруашылығын нығайту және басқа да салалар бойынша қажетті мамандар даярлануда.

Халықаралық стандарттар деңгейінде білім беретін бұл жоғары оқу ордасында кредиттік технология енгізілген студенттерге арналған базалық жағдайдың барлығы жасалған. Жоғары оқу орындарының жалпы рейтингі бойынша ОҚМУ Қазақстанда 3-орынды иеленген. Гранттар сарты бойынша да жүздеп 3-орынға тұрақтады.

рикалары, ипподромдар, асыл тұқымды зауыттар, зоопарктер, ғылыми зертханалар, қорықтар болумен қатар, ауыл шаруашылығы мекемелері мен басқармаларда, фермерлік және ұжымдық шаруашылықтарда, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу зертханалары мен өндіріс орындарында жұмысқа орналаса алады.

«Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша бітірушілердің жұмысқа орналасу орындары ретіне ауыл шаруашылығы өндірісі саласына жататын шаруашылықтардың барлық түрлері, ветеринар-дәрігер, ветеринариялық емдеу орындары, ветеринариялық клиника, ветеринариялық дәрханалар, ветеринариялық зертханалар, ветеринариялық бөлімдерді атауға болады. Сондай-ақ базарларда ве-

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ – БОЛАШАҚ ЖАС МАМАН КЕПІЛІ

Университеттің іргелі құрылымдарының бірі – «Ауыл шаруашылығы ғылымдары» жоғары мектебі. Аталған жоғары мектепте ауыл шаруашылығы саласында 10 жылдан астам уақыт ішінде бәсекеге қабілетті мамандар өзірленіп келеді. Жоғары мектеп қазіргі таңда бакалавриат бойынша 5B080100 – агрономия, 5B080200 – мал шаруашылығы өнімдерінің технологиясы, 5B080500 – су ресурстары және суды пайдалану, сондай-ақ 5B080600 – аграрлық техника және технология салалары бойынша мамандар даярлауда. Бұл тізім 5B080800 – топырақтану және агрохимия, 5B120100 – ветеринариялық медицина, 5B090300 – Жерге орналастыру және 5B090700 – Кадастр салалары бойынша жалғаса түседі.

Жоғары мектеп құрамында: Агротехнология, Су ресурстары, жерді пайдалану және агротехника, Ветеринариялық клиникалық диагностика, Жануарлар патологиясы, Мал шаруашылығы өнімдерінің технологиясы бар. Агроинженерлік мамандықтар үшін (шетел тілінде) 6 кафедра жұмыс істеуде.

Ауыл шаруашылығын дамытпайынша халықты азық-түлікпен толығымен қамтамасыз ету мүмкін емес. Себебі, барлық таза тамақ ауыл шаруашылығындағы жерден өніп шығады. Жерге түскен дақылдарды күтіп-баптап өсіретін мамандықтардың бірі - аграрлық техника және технология мамандығы бойынша бітірушілер. Олар егін және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру, сақтау, тасымалдау және өңдеудің машиналық технологиялары саласы бойынша жұмысқа орналаса алады. Сонымен қатар машина-көмекшілер, машиналарды диагностикалау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу технологиялары мен құралдары, машина сынау стансаларында бұл мамандар аса қажет. Білікті мамандар агротехникалық сервис мекемелерінің аспаптары мен жабдықтары, фермерлік және жеке шаруашылықтар, өндірістік кооперативтер, машина-трактор стансалары (МТС), ауыл шаруашылығын басқару органдары, ғылыми-зерттеу мекемелері және конструкторлық бюроларда еңбек ете алады.

«Су ресурстары және суды пайдалану» мамандығы бойынша бітірушілер мынадай жұмыстарға орналаса алады: су шаруашылығы және су энергетика жүйелері, өртүрлі гидротехникалық құрылымдар, су жібергіштер, су тастағыштар, су алғыштар. Сонымен қатар, гидростансалар, сорғыш стансалар, суландыру жерлері, ғылыми-зерттеу мекемелері. Мұндай мамандар жобалау және конструкторлық ұйымдар, сараптамау, бақылау су нысандарының аудиті және мониторингі бойынша да аса қажет.

«Жерге орналастыру» мамандығын алып шыққан түлектерді мынадай жұмыс орындары күтіп тұр: Қазақстан Республикасының жер қорының барлық санаттары, қалалардың, поселкелердің және ауылдық елді мекендердің шекарасында орналасқан жер ресурстарын басқару мекемелері. Бұл мамандар сәулет және табиғатты қорғау бөлімі, ғылыми-зерттеу орталығы және институттар, жерді бағалау мемлекеттік өкілеттілік, жылжымайтын мүлік және жерді бағалау (БТИ) мекемелерінде қажет-ақ.

«Кадастр» мамандығы бойынша бітірген түлек-

тиңспектор, ветеринариялық инспекция, ветеринар – дезинфекционист; мемлекеттік ветеринариялық қызмет мекемелерінде жұмыс орны күтіп тұр. Мұндай мамандар әскери ветеринариялық қызметте, ауылдық мекемелерінде, әскери ветеринариялық қызметте, ауылдық өкімшіліктерде, шекарадағы бақылау пункттері мен ветеринариялық кеденде еңбек етеді.

«Агрономия» мамандығы бойынша бітірушілерді өкімшілік құрылымдарда, фирмаларда, кооперативтерде, акционерлік қоғамдарда, жоғары оқу орындары мен колледждерде, ғылыми-зерттеу институттарында, кедендік тауар биржаларында жұмыс орындары күтуде. Бұл мамандар Қазақстанның фитосанитарлық карантин қызметі жүйесінде жұмыс атқарады.

Білікті мамандар даярлау үшін жоғары мектептегі студенттерге 116 профессор мен оқытушы, оның ішінде ҚР ҰҒА 1 академигі, 12 ғылым докторы, профессор, 2 ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, 50 кандидат пен доцент сабақ береді. Сондай-ақ, Ұлыбритания, Германия, Швейцария, Ресей және тағы да басқа шетелдердегі алдыңғы қатарлы университеттерде ғылыми тағылымдамадан өтіп келген «Болашақ» стипендиясының иегерлері дәріс береді.

Жылы сайын мұнда тәлім алатын студенттердің саны арта түсуде. Қазіргі кезде 1348 студенттің 90%-ы мемлекеттік білім беру гранты бойынша білім алады.

«Ауыл шаруашылығы ғылымдары» жоғары мектебі Ресей, Германия, Австралия, Австрия, Польша, Латвия, секілді алыс және жақын шетелдердің жоғары оқу орындарымен және ғылыми-зерттеу мекемелерімен тығыз байланыс орнатқан. Сондай-ақ, студенттер «DAAD», «Өрлеу» бағдарламалары арқылы академиялық ұтқырлық бойынша шетелдерде жоғары оқу орындарында 1 семестр немесе толық бір оқу жылы бойына білімін ұптастырып келуде.

«Ауыл шаруашылығы ғылымдары» жоғары мектебінің құрамындағы маман даярлаушы кафедралардың жұмыс-тәжірибелері заманауи үлгідегі оқу-зертханалық клиникалық базасында, Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында, «Тассай» ғылыми-тәжірибелік бөлімшесінде, «Физиологиялық кешенінде», сондай-ақ Түлкібас ауданындағы АПК «Жас кешу» және «Қайнарбұлақ» ауыл округіндегі саяжайда студенттердің оқу-тәжірибесі өткізіледі.

Мұндағы барлық мамандықтар 2014 жылы ұлттық аккредитациялаудан сәтті өтті. Сонымен қатар кітап қоры бай кітапхана, жоғары дәрежеде жабдықталған заманауи үлгідегі оқу залдары, бүкіл әлемдік интернет желілеріне қосылған компьютер кластары, заманауи үлгіде жасакталған зертханалар, ветеринарлық клиника студенттердің сапалы білім алып, ғылыми жұмыспен ұдайы айналысуына ықпал етеді. Университетте студенттердің бос уақытын тиімді пайдалануына, салауатты өмір салтын орнықтыруына барлық жағдай жасалған. Атап айтқанда, сауықтыру, спорттық кешендер заман талабына сай жабдықталып, онда студенттердің жақсы пайдалануына барлық мүмкіндіктер бар.

мүлік және жерді бағалау (БТИ) мекемелерінде қажет-ақ.

«Кадастр» мамандығы бойынша бітірген түлектерді жер ресурстарының барлық санаттары, жерді пайдалану мен жекеменшік формалары түрлері, нысаналы мақсаты бойынша жұмыс орындары күтіп тұр. Бұл мамандар облыстық, қалалық, аудандық жер ресурстарын басқару мекемелерінде, сәулет және табиғатты қорғау бөлімінде табысты еңбек ете алады. Сонымен бірге ғылыми-зерттеу орталығы және институттары, жерді бағалау мемлекеттік өкілеттілік жылжымайтын мүлік және жерді бағалау (БТИ) мекемелерінде жұмыс істейді.

«Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығын иеленгендер үшін жұмыс ауқымы өте кең. Атап айтқанда, бұл мамандық бойынша бітірушілердің кәсіптік қызмет объектісі мал шаруашылығы фермалары, кешендері, құс фаб-

айтқанда, сауықтыру, спорттық кешендер заман талабына сай жабдықталып, онда студенттердің жақсы демалуына барлық мүмкіндіктер бар.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ – халықаралық деңгейдегі ғылым мен білім ордасы. Қазақстандағы жоғары оқу орындарының арасында көпбасшы ретінде танылып үлгерген білім ошағы. Ендеше, халықаралық талаптарға сай, бәсекеге қабілетті маман болғыңыз келсе, М.Әуезов атындағы ОҚМУ-ға жол тартыңыз. Талапкердің ОҚМУ-да «Ауыл шаруашылығы ғылымдары» жоғары мектебінде заманауи кәсіби маман болып қалыптасуына кепілдік мол.

Г. КЕНЖИБАЕВА,

*М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Су ресурстары,
жерді пайдалану және агротехника»
кафедрасының меңгерушісі.*